


казіргі қазақ прозасы

ҚАЖЫГАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

ЖАЛҒЫЗ ЖИЕН

ӘҢГІМЕЛЕР МЕН ХИКАЯТТАР



казіргі қазақ прозасы

ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

ЖАЛФЫЗ ЖИЕН

ӘНГІМЕЛЕР МЕН ХИҚАЙТАР



Алматы
"Жазушы"
2005

ББК 84 Қаз 7-44
М 80

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша шыгарылды

М 80 Мұханбетқалиұлы Қ.

Жалғыз жиен: Әңгімелер мен хикаяттар.— Алматы, Жазушы, 2005.— 288 бет.

ISBN 9965-746-13-3


Жазушының бұл кітабына оқырмандарға кеңінен таныс, әдеби орта өлдекашан мойындаған белгілі-белгілі туындылары еніп отыр. Қаламгердің қай шығармасын оқысаңыз да, қала мен дала өмірін бірдей жақсы білетіндігі айқын сезіледі.

М 4702250201-020
402(05)-05

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965 746 13 3

Мұханбетқалиұлы Қ., 2005
‘Жазушы’ баспасы, 2005



ЖІГІТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ

Кате боп аударылған машинаның астына түскен Кәріпжан бейсенбі күні таң ата өз үйінде үзіліп кетті. Абырой болғанда, арттарында келе жатқан бір жұк машинасы бұлардың аударылғанын көріп тез тұрғызып-ақ алған екен. Бірақ машинаның аты машина емес пе, бейшара жап-жас жігітті жаншып-ақ тастапты. Соңан үйіне әкелгенде де түні бойына ес жия алмай, қиналумен жұмды көзін байғұс.

Жақын дегенде жалғыз немере інісі, арыстай азаматы өмір үшін осынша арпалысып, жанталасып жатып, ұзақ қиналыстан соң, қас пен көздің арасында кенет иегін қағып қалып жайбарақат жөнөй бергенде Жарықбас шал жанұшыра айқайлад, “бауырым-ай-лап” боздал қоя беріп еді.

— Ойбай, Жәке! Жәкесі, не болды сізге?! Пақыр қиналып қалатын болды ғой,— десіп, бірге қүзетісп отырған шалдар шу ете түсті.

Айтқандай, енді ғана тыншу таба берген Кәріпжан оқыстап ышқына дем алып, алқынып қоя берді. Жәкен осынша өмір сүріп, мұндайды көрген емес-ті. Куанғаны ма, таңданғандығы ма, үні шықпай азырып қалды. Сонымен бірге “әлі де болса аман қалар ма” деген үміт үшқыны кенет көкірегінде найзағай отындей жарқ етіп сәуле шашып өтті. Пенде шіркін үміттен арылған ба, ең ақыры, ақырет аузында жатқан жаннан да дәме қылады екен ғой бұл көңіл... Сол екі арада қарттың санасында сан рет қайталанған әлдекімге деген жалынышы, жалбарынысы — бәр-бәрі зая кетіп, Кәріпжан кішкенеден соң біржола тыншықты.

Марқұмды оң жаққа салып жайластырғасын да жасын тия алмай Жәкен енкілдеіп отырған.

— Уа, Жәке! — деді әлден үақытта жанындағы

шалдардың бірі,— Жәке, сабыр қылыңыз! Әйел, бала-шағаның жылауы да аз болмай жатыр. Соларға орын босатып, сыртқа шығып кеңеселік. Таң атса, күн шыжитын шілденің кезі. Үйдің іші ысып барады, ақирем алдында бір-екі күн қонақ болатын мынау мәйітті сақтау қамын қарастыру керек. Жан-жақтан келетін адам және бар дегендей, соларды да тезірек құлақтандырған жөн. Жүріңіз!

Жанбауыр жақыны мерт болып, жаны құлазып отырғанда “жүріңіз” деп сыртқа шақырған адамға аңтарылып ажырая қараган қарт, бұлардың айтып жатқанының да жөні бар екенін біраздан соң барып ұқты. Орнынан сүйретіле тұрып, тынымсыз сорғалаған көз жасын етектей орамалымен сүрткіштеген күйі сыртқа беттей берді.

* * *

Жөн білетін азаматтар жұмыс жайын жедел кеңесіп, атқарылар қызметті бөліп-бөліп алысты.

— Қазақтың қай уақытта да, тіпті қаза үстінде де өкпесі қалмайды, балалар. Хабар тимеген туысқан күні ертең: “біздің тие берсінімізді қөпсінген ғой” деп құпсініп шығатыны бар. Сондықтан кімге тілграм беретіндерінді, кімді құлақтандыратындарынызды мұқият ойластырындар— деген соң, жұрт “бұл істі кімге тапсырсақ” деп айнала отырғандардың ішінен ыңғайлы біреуді көздерімен іздей бастап еді.

— Өлгі біздің Бекжан қайда? — деді Жәкең көзін сүрткіштеген күйі төнірегіне мойнын созып... — Әй, бері кел!

Көріпжанды тұнімен осылармен бірге күзетісіп, оның үзіліп кеткенін көзімен көрсе де, не жылай алмай, не жылағандарға қарай алмай, Бекжан шығар есіктің аузында жарға арқасын сүйеп тұқшиып отырған. Жыламайын деген жоқ-ая, көзінен жас шықпады. Жұрт жапырлай қарағанда сонан қысылып, өкесіне тартқан мол денесін қайда сыйғызарға білмей, қибыжықтап, өз-өзіненabyржып, күренітіп кетті. Сәлден соң бойын билеп, бірақ басын көтермesten, сот алдына келген қылмыскердей сол сүйретілген күйі отырғандарға жақындалады. Көңіл білдіргені болар, бұл келіп жүрелей бергенінде, жұрт аз-кем үнсіз қалып, бір-бір күрсініstі.

— Балам, мәшиненді от алдыр! Ауданға барып, жан-жаққа тілграм беріп қайт, — деді Жәкең.

— Машинаға не? Жарты сағатта барып келесің ғой.

— Иә, он екі шақырым машинаға бүйым болып па?— деп әлгінде үйып қалған жас-кәрісі аралас топ жанжағынан жамырай сөйлеп, қозғалақтай бастады.

Әкесі “жақын-жуықтан ешкім ұмыт қалмасын” деген соң, Бекжан біраз ойланып алыс-жақындағы жамағайынды, Кәріпжанның әйелінің төркіндерін тізімдеді. Оны оңай тындырғандай еді, қинағаны — телеграмманың сөзі болды. Өзінің оңды орысшасы болмағасын, оның үстіне бұ құрғырды олайша жазбаса, телеграфтағылар қабылдамайтындықтан, біраз айналышықтады. Ақыры, “сол білетін еді ғой” деген оймен көршілес тұратын оқытушы жігіт Хисметті оятып, өтініш қылып еді, мың болғыр жазды да берді.

“Извещаем о кончине незаввенного Карипжана Похороны субботу”. Бекжан “келіндер” дегенді қоссайшы деп еді.

— Хабар тиген кісі келгісі келсе, онсыз да келмей ме?— деп Хисмет тоқтатып тастады.— Неғыласың...

Бекжан үндеген жоқ. Қағазды бұктеп-бұктеп қалтасына салып алып кетіп бара жатқанда Хисмет артынан куа дауыстады:

— Беке! Әй, Беке-ау, үтір, нүкте қойғызыба! Пәлен телеграмма жөнелтесің, қып-қызыл ақша ғой...

Ол сыртқа шықты.

Жұмыс адамының бөгде іске мойын бұруға мұршасы болған ба, аудан орталығынан әрлі-берлі совхоздың жүгін тасып жүргенінде мандайшасында “Почта—Телеграф” деген жазуы бар үйді көргені болмаса, Бекжан бір рет те бас сұққан емес-ті оған. Алматыда оқып жатқан інісі Төлжанға анда-санда ақша саларда басқа шаруаларды қоса желеу етіп, ауылдан он екі шақырым жердегі аудан орталығына әкесі ере келетін. Мұның білетіні — көбенқесіне мінгізіп әкелу, онан жұқ тиетіп болғанынша бар шаруасын тындырып, дайын отырған әкесін қайтарда алып қайтуға тұғын. Енді міне...

— Е-е... себеппен оны да көретін болды-ы-ық,—деді машинасын от алдырып, кабинаға жайғаса берген Бекжан күрсіне құбірлеп.

Айдау жолға түскен соң ескі машинаның аңғал-саңғал терезелерінен жел аңқып, тұн бойы отырыстан үйінқырап қалған денесі сергін деді. Үйқы көрмей қызырып кеткен томпақша қызық көздерін қарамай сіңген қолымен уқалап, үйқы ашқанның ырымын жасады. Сонсоң терең бір

күрсініп: “Апыр-ай, айуан шығармын мен,— деді ерні жыбырлап.— Жас шықпады-ау көзімнен. Құйттайымнан бірге өскен Кәріпжан кеткенде...”

Жол бойы ешкім көрмесе де, одаша отырып егілгісі кеп-ақ еді,— бәрібір болмады. “Таз ашуын тырнаң алады” дегендей, соған ыза боп, онысыз да алқа-салқа машинаны аудан орталығына жеткенше аямастан ызытты.

* * *

Ауданның телеграфында алып-жұлып бара жатқан не шаруа болсын, оның үстіне осындай беймезгіл шақта... Келушілер жоқ болғасын коридордағы электр шамдарды өшіріп тастапты. Терезе алдына қалың ағаш өскендіктен бе, таң әлдеқашан ағарып атса да, іш ала көлеңкеленіп түр екен. Бекжан ұзынша шоланмен жүріп отырып, сонау түкпірде жылтыраған жарыққа бетtedі...

Телеграфист Жәпекті ол бұрын бетпе-бет көрген жокты. Білетіндер “ой, анау кертиген ененде үрайын ғой” деп талай рет сыртынан нұсқаған. Әкесі де әнеуқұні “байғұс бала... басқа жүрттың ішінде көбірек жүріп жатбауырлау боп кеткен бе?! Қазақ сияқты емес, біртүрлі өзі...” деп, не кейігені, не ренжігені белгісіз біраз сөз қылып еді. Бекжан көбіне рейсте жүреді, кімді білсін! Сол Жәпек әне, құлағын наушникпен бастырған күйі, алдында теріс қарап отыр.

— Ағай,— деді Бекжан.— Аға-а-ай!

Жауап жоқ.

Тұрып-тұрып:

— Ағай, тығыз шаруамен келіп едім,— деді естімей қалды ма деп ойлаған Бекжан.

Тым-тырыс. Әлдеқандай бір аппараттардан отқа тұз түсіп кеткендей тырс-тырс, пышыр-пышыр дыбыс келеді. Ара-тұра әлдене сыр-сыр... қыр-қырр... етеді.

— Ағай! — деді ол осымен әлденеше қайталап.— Аға-а-ай!

“Ағайы” жасы қырықтарға кеп қалған, жүзі шаршаңқы, толықша кісі екен. Әрең дегендеге мойнын ғана бұрып, бұған түйіле бір қарады да, осынша еңбектенгенінде елеусіз нәрсе көргеніне ренжіген кісішке ақырын бұрылып ап, бей-жай отыра берді.

Сол сәтте:

— Ағай! — деп қалды Бекжан тағы.- Телеграмма...

Телеграфисте үн жоқ. “Кісі келді-ау, бірдене деп сөйлеп жатыр-ау” қайда-а... Теріс қараған күйі дым естімегендей

қайтадан мелшиіп қалғаны. Бәрінен бұрын өлгі бір қарасы адамның жынын келтіргендей екен...

Бекжан тұрып-тұрып, ақыры, болмаған соң:

— Сіз немене... саңыраумысыз? — деді айқайлауға шақшақ қалып. Нығыздай айтты.

Жәжап-ай, телеграфист... анау адам... Жәпек мынандай балағатқа ашулану былай тұрсын, былқ еткен жоқ. Асықпай, алдымен орнынан самарқау түрегелді. Құлағындағы наушникті алып, ақырын ғана алдына таstadtы. Соңсоң пиджагінің омырауына жүққан әлдебір дақты саусағымен шертіп-шертіп кетірді де:

— Иә?! Айт, айт! Тағы не дейсің?!- деді орындыққа жайғаса беріп.

Бекжан мұны күтпеп еді. Таң қалғаны — мынаның сиқырмен үйықтатып тастаған адамдай, әлде... тірі аруақтай түк сезімсіздігі; аңтарылып қалды. Бұдан гөрі боктағаны, бұл не айтса соны өзіне қайтарғаны әлдекайда артық еді. Жоға! Оның біріне бармады. Мұны ойыншық робот сияқты бұрап-бұрап алдына қойып, “ал, не айтар екен” деген кісіше мелшиіп отыр.

— Көп айтатын ештеңе жоқ. Телеграмма қабылданыз!

— Та-а-ақ! Солай де... Мен біраз сөйлейтін шығарсың деп едім.

Түрінде түк өзгеріс болсаши.

Бекжан мына мәңгүртке... (осыған бірдененің салқыны

тиген болу керек деп ойлады) ... мына мәңгүртке өлгі ызасынан айыға алмай тесіле қарап түрді да, өзін-өзі барынша әдепті ұстауға тырысып:

— Мінеки... срочнай етіп жіберіңіз,— деді орысшаны араластыра.

Жәпек сол бей-жай күйі. Телеграммаларды алып ап, баласының дәптерін қарап отырғандай-ақ асығатын емес. Осынша кідірткені аз болғандай, бір кезде мұның бетіне қарады. Таңдайын қақты. Басын салғырт шайқап:

— Нан сұрап жей алмай жүріп, орысша сөйлейсің, ә?!-- деді ыңылдал.

— Слушайте... сіз немене. Әлде... ісінің жоқ бол ішінің пысып отыр ма? Сізben... сізben тәжікелесуге келгем жоқ қой, мұнда. Неге қызметінізді дұрыс атқармайсыз! (Осының керегі жоқ еді, андаусызыда аузынан шығып кетті.) Мен сізге телеграмма өкеліп тұрмын. Алыңыз, бітті.

— Та-а-ақ, так!

Жаңағысы жаңағы ма... “Жақсы әңгіме екен, мынауың. Жайланип отырып тыңдайыншы” деген кісіше Жәпек сол

қолының шынтағын столға тіреп, оған басын сүйеп алды.—
Иә, сосын... Сөйле, сөйле.

— Сөйлейтін ештеңе жоқ. Телеграмма қабылданыз,
болды.

— Қабылдамасам қайтесің?

— Неге?

— Тексті дұрыс емес. Міне... мына жері.

— Несі дұрыс емес? — “Қайта жаз деп айтады-ау” деп
Бекжанның іші қылп ете қалды. Бірақ мына “мәңгүртке”
мат болмас үшін, берілмеске бекінді. — Несі қане!

— Мысалы, мына жері... — Жәпек өуелі қаламұшпен
“незабвенног” деген сөзді нұқып көрсетті де, белінен
мықтап тұрып бір сызды. Сосын мұның әсері қалай екенін
білмек болғандай, Бекжанның бетіне қарады. Бекжан әлгінде
“шынымен дұрыс жазылмаған бірденесі бар екен” деп
шошып еді, сөйтсе мынау әдейі, “жүйкесі жүқарсын” деп
істеп отырған секілді. Бұл да саңылаусыз емес қой, әлгі
сөзді түсінерлік шамасы бар. Шап ете қалды.

— “Ұмытылмас, аяулы” дегеннің несі бұрыс? Жоқ, сіз
өзіңіз... сен өзің... қабылдайсың ба, жоқ па?

— Ұмытылмайтын ешкім жоқ. Бұл кім соншама...
ұмытылмайтын, іhm!

— Әй, сен өзің... мендуана жеген нәрсемісің? Немене,
айдан тұскендей болып... Солай деген соң, солай болғаны
да, значит ұмытпайтын адамы болғаны. Сенің қанша... не...
Давай, телеграмманы алыңыз да, жолымды бөгеменіз.

...Фажап-ай, бұл жолы да “мынау мені сөгіп жатыр-ау,
тілін тигізді-ау” деп былқ еткен Жәпек жоқ. Безірейген
бейжай күйі.

— Айтылды, бол-ды-ы! Қара мұны... Бұл кез келгеннің
ұретін же-рі е-ме-е-ес, бала.

—А? Не дедің? Қайталап айтшы?

—Не “А”? Бұл кезкелгеннің ұретін же-рі е-ме-е-ес!

— Ә, әкең... — Бекжан қоршау тақтайды мол денесімен
жапыра еңкейіп барып Жәпекті орнынан жұлып алды.
Әлденелер салдыр-күлдір құлап, қирап жатты. Оған қарауға
мұрша қайда?! Не істеп, не қойғанына есеп беріп жатқан
Бекжан жоқ, жұлып алған бойда жалпита соққанын біледі.
Соқты — болды. Кеудесі манадан бергі ыздан өй, бір босады-
ау!

Ауа қармағаннан басқа бітіргені болмаса да, әлденеге
алқынып қалған Жәпек жалма-жан трубкаға жармасып:

— Алло, алло, милиция! Дереу телеграфқа... телеграфқа
жетініздер!— деп демікті.

“Ә, бұз да адам екен! Бұған да таяқ өтеді екен ғой. Бұл да қорғалуға тиіс болты! Бірақ оны кешірек, таяқ тигесін есіне алғанын қарашы... Ентігуін!”

...Бас аяғы бес-он минутта Бекжан милицияда отырды.

* * *

Жарықбас қарт баласы Бекжанның бірбеткейлігінен түбі жақсылық шықпасын білсе де, тап мұндай жағдайға ұшырап деп ешқашан ойлаған емес-ті. Ақыры, осылай боп тынғаны ғой... Он бес күн бойы боқ сыпрып, сақал-мұрты қаулап өсіп, жадап-жүдеп келіп отыр. Шашын сыпрып тастағасын тоқырайып қалған бас кісіні кескінсіздеу етіп көрсете ме, онысыз да сынық жүзінің сиқын кетіріп-ақ жіберіпті.

Қарт көзінің астымен баласына білдіртпей бір қарады да, үнсіз отыра берді.

...Бұз баласы бар болғыр, жасырақ кезінің өзінде сүйекті, ірі болатыны сезілсе де, жуастау, босбелбеулеу сияқты ма, қалай еді?! Берірек келгесін соның бірі де байқалмай кетті-ау бойынан. Ол – ол ма, өсе келе, өсіресе мектеп бітіргеннен кейін, бірденені бетің бар, жүзің бар демей кісіге қойып қалатын дүңк етпе, добавдау мінез шығарды. Біреу-міреудің тілі тие ме, таяқ жеп қала ма деп қыпымдарап отырғаның...

Сақтағанда, сомадай жігіттің сүйектілігінен сескене ме, қайратынан қаймыға ма (әйтпесе, бір шалдың баласы ғой деп кешірім жасайтын кісі бүгінде көрінбейді ғой өзі...), әлде қатты айтса да ақиқат сөз айтып аман қалып жүрді ме, әйтеуір жұрт “түу, нәлет” демеген-ді. Сонысынан дәме қылушы еді қария. “Бақай есеп ар-рам, жылпылдаған жағымпаз, яки қайырымсыз қарау болмаса, тәйір-ай, сүмірейген сумұрындықтан сол тентектігі, турашылдығы-ақ артық” дейтін қарт бір кезде. Енді дардай жігіт болған үйлі-күйлі шағында да мінездің қалмағаны ғой.

Былтырғысы анау... діректірдің лөккібайын айдап еді, он күн болмай түсті де қалды. Сұрастырса, осы ауылдағы Күнжан дейтін жетім кемпірді кемтар қызымен жол бойында зарығып мәшине күтіп тұрганында мінгізіп алышты. Діректір “мінгізбейсің” деген. (О бала да қызық, бос мәшиненің несін аяды екен, ай алла-ай!) Бұл “мінгізем” дейді. Анау:

— Машинаның билігі менде! Маған берілген көлік бұл! – депті.

Тыңдай қойса нетті, бұз да ерегісіп қалған.

— Олай болса, барғасын машинаны басы бүтін

өзінізге берем. Әзіргі жауапкершілігі менде. Әйда, мініндер!— депті кемпір мен қызына.

Күнжан кемпір келгесін:

— Құдай-ау, көсегесі көгерсін, Жәке, көсегесі көгерсін! Азамат екен балаң, Жәке-ау, азамат екен! Тіфа-тіфа, тіл аузым тасқа,— деп айта алмай отырды.

Айта алмағаны бар болсын-ау, ертесіне қызметінен қағылды. Онан пәлен күн тағы бос сандалтты емес пе?! Не дегенмен о кезде сапқоздың зауатехнігі болды ғой, марқұм кешегі Кәріпжан қайта-қайта барғыштап жүріп (ақылды бала еді-ау, айналайын, ақылды бала еді), осы салдырлаққа, шүкір, қолын іліндірді. Онда бұл түк ренжіген жок-ты. Қайта, баласының бұз мінезіне іштей айызы қанып (е, немене, діректір болса құдай ма екен; адамшылық жасап, жетім кемпірді мінгізе қойса нетуші еді), қатты риза болған. Бірақ мынаусы... жұдырық жұмсауы енді...

Қарт қалтасынан жарғағын алып, бір шөкім насыбай атты да, ойға шомған күйі отырып қалды. “Е-е... іhm!” деді. Есіне өзінің жастық шағы түсті.

...Талай тентектік өз басынан да өткен. Сол тентектіктен басы жарылып, өуелде азан шақырып қойған аты – Әлімқұл болса да, Жарықбас атанды. Бірақ оған бұл ашуланған жок, өйткені осы атаумен бірге тендік те тиген. Қашан еді ол заман?! Иә, баяғы Сатайдың Мырзашы үйленетінде екен ғой... “Әй, мына кірме қайдан жүр?” деп, тойға келген жерінен астындағы атын тартып алмақ болған Әлтеке ауылының жігіттерін бөріктіріп бір күн сабаған. Бұл ел қорықпасын сыйлаған ба?! Содан кейін ғана козі ашылғаны... “Е, бұз да өзіміздің бір бала ғой”. “Е, ел ішінде бір тентек жүрмей ме?!” деп, ақыры, терезесі теңеліп кетті. Тендендік үшін бас жарылу деген не тәйірі! Бөрік ішінде қалатын нәрсе емес пе... Есесіне тендендік алды ғой, Тендендік! Тентек десе, бұл болайын деп болды дейсің бе, заманы солай болғасын да... Құдай-ау, мынанікі... Мұның мынаусы... осы заманда жұдырық жұмсауы...

Қарт қабағының астымен Бекжанға ұрлана көз тастады. Әлі сол төмен қарап түкшиған күйі отыр екен. Басы салбырап кетіпті. Мұсәпір, мұскін боп қалған.

Әнеукүннен бері кейімек боп, қарт түйіліп жүр еді. Бағанадан тырс етпей тынып отырғаны да сондықтан-ды. Енді андаса, баласының ұрсатындағы да ештеңесі қалмаған екен. Басқаны былай қойғанда басын көтеріп, үй ішінен қарауға да жүзі күйіп отырған секілді. “Қой! Бала дегенмен, мұның да от басы бар. Мен сөйлесем, келін де қосылып

кетер. Жығылғанға жұдырық қылмайын! — деп ойлады қарт.— Онсыз да өзі қорланып отыр ғой; жүдеп, жасып қалыпты”.

— Эй, балам-ай! — деді бірақ шыдай алмай.— Эй, балам-ай, бүгінде біреудің еркелігін біреу көтере ме... Бетің бар, жүзің бар демей, жұрттың бірденесін көрінген жерде көзінше қойып қаласың. Одан сені жақсы деп жатқан жан болса еken. Ақ, әділдігінді ашынып, айқайлап айтсан да, ақымақ көреді жүрт. Қайтейін... Жек көріп тұрсан да жақауратып, былай... бипаздал сөйлеу бойыңа сіңбей қойды-ау...


Бекжан сыртқа ыта жөнелді. Бағанадан тығызып отырған. Көзінен жас ыршып кетті. “Қап! Қор қылды-ау! Қорлады-ау,— деді өксіп-өксіп.— Тұра тұр, бәлем!” Әлденеге жұдырығын тарс түйіп алды. Сонсоң көз жасын көрсетпеуге тырысып, үй сыртына шығып кетті.

Көшениң қарсы бетіндегі үйдің іргесінде екі-үш бала ойнап отыр еken. Көз кемері жасқа толып, жанары бұлдыраған Бекжан оларды тани алмады. Қара-а-ап отыр. Үй — Көріпжанның үйі екені біраздан соң барып есіне түсті. Сонсоң анада Көріпжан қайтқанда өзінің тап сол жерде, әнеу жарға арқасын сүйеп, безірейіп отырғаны ойына оралды.

Иә, онда көзінен жас шықпап еді. Осыған көрінген шығар...

Әмір ғой, қайтерсің...





ҚЫСҚЫ ТҮН

Олар ымыртта мал қоралап, онан кейін басқа да ұсақ-түйек шаруаларын тындырып үйге кіргенше қараңғылық қоюланып кеткен-ді.

Кешкі шайдың дастарқаны тым жай жасалды. Сондықтан ба, әлде мал басында ылғи да жалғыз үй отырып дағдыланып кеткен адамдардың өдеті ме, шай үстінде басы артық әңгіме болған жоқ. Әрқайсысы өзімен-өзі... Үй ішін қоныр тыныштық әлдилеп түр. Тек анда-санда ғана ыссы шайды сораптаған тыныстары естіледі. Онан өзге дыбыс та жоқ.

Шай орталанған тұста:

— Айпырмай, қарасуықтан қарасуық... Қыс бұлай болса, жаз қайтер еken!? Қар жаумады-ау, — деді үй иесі Дайрабай шал қараптан қарап отырып.

Келіні өзіне тіке айтып жатпаса, үлкендердің әңгімесіне араласпайтын. Әншейінде бірдене деп қалатын кемпірі де бұжолы тырс үнсіз қалды.

Шалдың да жауап күткен сыңайы жоқ. Қынаға бояған сары тонын қаусырына түсіп, тізесін ғана қомдал-қомдал қойды. Таңертеңнен бері ат үстінде жүргесін сіресіп қалған денесі ыссы шайға бусана бастаған еken. Тот басқан топсадай сықырлауық буындары да жібіп, икемге келіп қалыпты. Жаңа-жаңа бойы сергіп, терісі кеңи бастаған қарт жанынан етектей орамалын алып, сұық сорып қарайып кеткен бетін сипады да, “ha-a!” деп қойды. Рақаттанғаны, не күрсінгені белгісіз. Сонсоң хош иісі бүрқыраған қою шайды кесесіне жұқтыра шайқап ішіп отырып, айналасына үнсіз көз тастады.

... Үй іші каракөлеңке. Қазандықтың ернеуінде ондық шам пырылдап-ақ жанып түр. Бірақ майшамы түскірдің жарығы дастарқан басынан аса ала ма, төнірек күңгірт.

Оның үстіне бағанадан тып-тыныш қара қазаның қақпағының өр жерінен бұрқырап бу көтеріліп жатыр. Сарқылдаپ қайнай да бастаған. Ошақта қара қи маздайды. Отқа қарсы қарап шай құйып отырған келініңің жүзінде қызыл жалқын сөуле құбыла ойнақ салып, алабұртқызып жіберіпті.

— Рәуішжан, қызып кеттің ғой! Бермен отырсайшы, қалқам, бермен... — деді Дәкең қамкор үнмен.

Келініңің сөз қайырмастан, төсеп отырған құрақ көрпешесін ақырын ғана жылжытып, қымсына ысырылды. Шал онысына ырза боп қалды. Өйтпегендегі! Таңдал алған келінің ғой... Өзі таңдаған!

...Дайрабай шал мынау Саршағылда отырған көк көз Жұмағалидың соңынан қалмай жүріп құда болысып еді. Тұрғалиына осы Рәуішті беруге азар көндірген. Онда да көккөз Жұмағалидың өзі емес-ау, Бәтес құдағайы ғой... Көзі шатынап отырып алған сары шалға:

— Әй, бәлен жыл Ұлықұмды бірге жайлап, бірге көшіп жүрсің. Дәкеңнің не жаманшылығын көрдің?! Қой енді... “теңі келсе, тегін бер” деген,— деді-ау. Есті кісінің-ақ сөзі емес пе!?

Дәкең сонда:

— Жоға, Жұмакен де шет көреді деймісің, бәйбіше! Бауырынан шыққан бала болғасын... Әрі Рәуішті жас дейтін шығар,— деп сылап-сипап жіберіп еді.

Сөйтіп таңдал алған келінінен қателеспеген сияқты. Сәл түйіктің болмаса, мінезінің ұяндығы қонымды, көңілден шығады. Өзіне де, кемпіріне де тұра қарап, тік сөйлеген емес. Әрқашан осылай ызылып тұрғаны... “Шүкір, шүкір!— деді шал іштей тәуба ғып.— Тек енді Тұрғалижанның екі жылы тез бітіп, оралса болды дағы”...

Баласы есіне түсіп кеткен соң:

— Ешкім қатынаған жоқ па? — деді шал. — Кәзитмәзит, бірдене әкелетіндері бар еді, қойды-ау.

Кемпірі жақтырмай қалды.

— Күнде қатынап жатқан ауыл арасы деймісің?! Қайдағы кәзит. Осы шал-ақ желігеді де отырады екен.

— Тәк, кемпір-ай! Жинап-жинап бір әкелгенде Тұрғалижаннан хат келетіні бар еді, сосын сұрап жатқаным да... Менің бір сауатым асып барады деймісің, бар болғыр.

Үй ішін тағы үнсіздік басты. Ыссы шайды үрлей сораптаған тыныс біразға дейін бұзылған жоқ. Әлден

уақытта барып шал шыны аяғын төңкерді де, тершіген жүзін орамалымен қайта-қайта сұрткіштеп:

— Жә... біраз уақ боп қалыпты. Мен малды бір көріп келейін,— деді, әйтеуір бірдене айту үшін ғана.

— Қой, байғұс! Терлеп отырғаныңда сұық ұстап қалар. Отыра түр! Мен қарап келе қояйын,— деп кемпірі қапылып қалды. “Өлемісің, күндіз бағып, түн бағып”... деп, шығып бара жатып та сөйлеп жүр.

Дәкең селдір шоқша сақалын бипаздай сылап біраз отырды да, іргедегі жастыққа қарай жылжыды.

Түн сайын күзетке өзі шығатын. Соны көтере алмай жүр ме, әлде қарттықтың қандыауыз қақпаны көрі сүйегін ақырын-акырын сыға бастағаны ма, мұздай даладан үйге келіп осылай бір шай ішкесін сөл терлесе болды, бойы дел-сал боп манаурай бастайтынды шығарыпты. Сондықтан ас алдында аз-маз мызғып алатыны бар-ды. Көз іліндірмекке қисайды.

Қарт көп жата алмады.

Іргеден салқын леп соғып, жотасы мұздағандай болған соң, басын қайтадан көтеріп, тонын жамылмаққа қол созған. Кенет... тұсында сығырайып тұратын кішкене терезе жап-жарық боп кетті де, қонырайып тұрған үй іші бір сөтке жарқырап қоя берді. Қарт тіктеліп, лезде қайтадан қап-қараңғы бола қалған терезеге үңілген. Сырттан гүріл естілді.

— Машиналы біреулер келе жатыр білем,— деді күңк етіп,— Жеті түнде неғып жүр бү?!

Қашанғы әдетінше, бұжолы да жауап күтен жоқ. Тонын желкелігінен жымыра ұстаған күйі “Ә, пірім!” деп орнынан ақырын түрегелді. Сонсоң сенсеңін сүйреткен күйі жайбарақат басып кеп, түзге шықпак болғандай, аяқ киімін қонылтаяқ кие бастады.

Машина іргедегі сайдан шығып келеді екен. Иттері солай қарай шабалана үріп шауып барады. Кім де болса сыртта күтіп алмақ боп, шал ауланың алдында тұрып қалды.

...Келіп тоқтай қалған машинаниң кәбенкесінен ербен-ербен етіп екеу түсті. Сосын машиналарының шамын сөндіріп, жылдам басып келді де, қараңғыда:

— Ассалаумағалейкүм!

— Ассалаумағалейкүм! — деп сөлем берісті. Тап осылай амандаспаса Дәкең қазір қуып жіберетіндей-ақ жып-жып етеді. Шал жақтырыңқырамай қалды.

— Әліксалам! Е, қай балдарсындар..., — деді

жүздеріне шұқшиып.— Бұ не жүріс түнделетіп, түге?!

— Мен Берікпін ғой, Дәке! Автокұлып бала...

— Е-е...

— Анау Нұрлан...

— Е-е... иә?!

— Сізге сөлем берейік деп... Сосын анау штабтың кеңесінде газет-журналдарының жатыр екен. Соны әкеліп едік.

— Анау-мынау емес, бір бума ғой. Қандай көп жазылғансыз, Дәке?!

— Іім! Иә?! Ішінде хат жоқ па екен?

— Бар ғой деймін... Ішке кіріп, жарықта қарамасақ,— деді Нұрлан шіңк етіп.

“Хат” дегесін шал райланайын деді. Әйтсе де мына балалардың жүрісін онша ұнатыңқырамай, қыңырайып тұрып-тұрып үйге қарай самарқау бұрыла берді.

— Қане, шешші ана бумаңды,—деді шал аяқ киімін сипырып тастаған соң.

Босаға жақын тұрған киім ілгішке пальтоларын іле сап, карттың ізінше төрге озған Берік пен Нұрлан бір құшақ газет-журналды шандып тастаған шпагаттың түйінін шеше алмай, күйбендерді де қалды.

Болмаған соң:

— Пышағынды берші, қиып жіберейік! — деді наң жазып отырған Рәуішке қосарлана.

...Хат бар екен, бірақ Тұрғалидан болмады. Көрші совхозда тұратын қызынан келіпті. Дәкең оны Нұрланға оқытты да, амандық-саулықтан басқа ештеңе айтылмағансын, мұрнының астынан “Іе-е”... деді де қойды.

Қисайып жатқан Берік көз қығын Рәуішке тастап, жымың-жымың етіп:

— Немене, Дәке, Тұрғалидан көптен хат жоқ па? — деді ойнақы үнмен.

Әуелі “иә” деп қала жаздаған шал оның жымыскы ойын байқап қап:

— Е, келіп тұрады ғой!— дей салды жай ғана.

Мұнан әрі әңгіме тыйылып қалғандай еді.

Ас түсіріліп жатқанда: “Ища-ай! Құдайдың күні тағы қақап кетті ғой” деп Балым әжей кірді. Алдынан жамырай сөлем берген Нұрлан мен Берікке сыйырая қарап:

— Е-еу, айналайындар-ай! Бұ кімдер десем, сендер екенсіндер ғой. Неғып кештетіп жүрсіндер? — деп бәйек

боп жатыр.— Мынау әкелерің... қартайғанда тағы қой бағам деп азапқа салып...

Қабат-қабат киімнің бірінен соң бірін шешіп, кемпір ұзақ әуреленді де, ақыры өзінің үйреншікті орны — пеш түбіне барып отырды.

Біраздан кейін бәрі қол жуып, дастарқан басына жайғасқан соң да кемпір мұң шағуын қойған жоқ.

— Тұрғалижан болса анау... әскерде жүр. Біз болсақ, мынау... Құдай-ау, мына шал... өздеріндегі бір көмекші бала да алмай...

“Осы не деп отыр” дегендегі Дәкен кемпіріне қараған. Тамаққа қол салған күйі басын көтермей қойғаны... Қоймастан сөйлеп отыр тағы.

— Елдің ішінде-е ... “а, Құдай, бергеніңе шүкір” деп жан бағып отыратын адам! Қайтерсің ...

Қарт неғыларын білмеді. Күйінгеннен “алжиын деген шығар осы кемпір!” деп ойлады тоңторыс міnez танытып.— Көрінгенге шағынып о несі-ай“.

— Амандық болса, алдағы күзде келіп қалар!— деді Берік тағы.

— Аузыңа май, қарағым, аузыңа май...

Көңілінің алаңы күндіз-тұні сол болғасын ба, Тұрғалидың аты аталғанға шал да кішкене райланып, қонақ балаға көзінің астымен қайтадан барлай қарап еді. Манағыдай екіүштылау езу тартып отыр екен. Бұлардан — кемпір-шалдан гөрі басқа біреуге мензеп айтқандай. Әлденені тұспалдап сөйлей ме, қалай...

Дәкен үйіне келген жас балалардың тым құтындағанын жаратпайды-ак. Қалай жақтырыс! Бәтшағарлардың бәрі өстіп астарлап сөйлеп... Қаршадай болып... “Көрдің бе сәлем бергіштерін! Тұнделетіп... Кәзит әкелдік дейді тағы”.

Шал қырсығып:

— Келін, сорпанды әкел!— деді тездетіп.— Балалар асығып отырған болар. Менің де күзетке баратын уағым болып қалды.

— Не дейді?! Осы шалға бірдеценің салқыны тиген шығар. Айына-жылына бір келген балаларға о несі-ай, тұн ортасында...— Кемпірі тағы шап ете қалды.

Сасып қалған Нұрлан:

— Ештеңе етпес, шеше! Қайтамыз ғой, — деп қызарып кетті.

Үй іші үнсіз қалды.

— Қап, машинамның суын ағызып қойып әдім,— деді бір уақытта Берік күмілжіп.

Қыпылдал көзінің астымен шалға қарады. “Ар-рам шал! Адамның ішіндегісін біліп отырады деуші еді. Рас екен-ау” деп ойлады. Нұрланға қарап еді, “кой дегенімде болмаған сен ғой. Ал, қайтер екенсің?!” деген дағдарған пішінді көрді.

Кемпір бүйтер деп шал ойлаған жоқ-ты. Оның әлгі сөзінен кейін үй ішін басқан ауыр ұнсіздіктен енді өзі ыңғайсызданып:

— Е, қонамыз десе... — деді өзін-өзі зорлағандай.— Мен өншейін ... асығып отыр ма деп ...

* * *

Дастарқан жиылды. Қол жуылды. Ешкім тіс жарған жоқ. Қарт ақырын тұрып, күзетке баруға қамдана бастады.

“Не де болса шал кеткесін көрерміз” деп ойлаған Берік пен Нұрлан осы кезде үн-тұнсіз тысқа шығып кетті.

Біржолата киініп кетпеген соң, олардың қазір қайтып келіп қона тынын үққан қарт күйбендең іште біраз жүрді. Әншейінде еркін сиятын саптамасы аяғын қысқандай недөуір уақыт оны тепкіледі. Онан сеңсен тонын киіп, біресе ілгегін салып, біресе сыртынан белбеу буынып әбігерге түсті. Ақыры айналышықтайтында өзге сылтау қалмаған соң, “кірмесендер, кірмендер!” дегендей ашумен тұмағын баса киіп, босаға жақын жерде ілулі тұрған мылтығы мен оқшантайын алды да, сыртқа беттеді.

Тұн тастай қараңғы екен. Ештеңені айырып болар емес. Ызғырық жел үйткі соғып тұр. Қарт көзі үйренгенше есік алдында тұрып қалды. Қарап тұрғанша деп, мылтығын қабырғаға сүйеді де, тұмағының бауын байлады. Айналасына зер салды. Қамыс аула, оның ығында пішенді күрт-күрт шайнап тұрған аты, ауладан шығар есікке тақау үйілген қатқан тезектің қарамы — бәрі-бәрі бірте-бірте айқындала бастады.

“Әлгілер қайда кетті?” деп таңырқаған шал төңірекке шүқшия үңілген, түу ауланың сыртында тұрған машинаның көбенкесінен шоқтана қызарған отты көрді. “Бәсе, желбегей шығып еді. Кәбенкеге тығылған екен ғой” деді өзіне-өзі. Сонсоң темекілерінің шоғын жиі-жиі жарқыратып, ашы түтінді үстін-үстін сорғыштап отырған Берік пен Нұрланға бұрылмастан, тұстарынан акыншы расын кораға қарай кете барды.

Жанаша, үшінші жаң ішіп, ет жеп шыққансын ба,

әлде қалың киінгендіктен бе, қарт қара сұықты елей қойған жоқ. Келген бетінде қоранаң әр жер-әр жерін түртінектей қарап, ақырын ғана бір айналып шықты. Толық жөнделмеген, кей жері ашық-тесік қамыс катон сенімсіз-ақ. Сенімсіз болғанда қайтсін! Бұрын қыстап жүрген пүнктін былтыр пенсияға шыққанында басқа біреу алдып қойды. Енді тигені осы. Бұ да қайбір мал бағуға құштарлықтан шықты дейсің... Тұрғалиы әскерге алынғасын, қарап отырғанша дегендегісі ғой. Оның үстіне баласы келгенше көпшіліктен оңашалау отырғысы келіп еді. Иә... оңашалау отырғысы келген...

“Отырғыза ма бұлар?! — Кенет шалдың есіне тағы әлгілер түсті.— “Жер түбіне кетсең де, осы... иіскең тауып алады. Бұгіндегі балдардан ұят деген қалған ғой, қалған... — деді ыза болып.— Әйтпесе, немене... жеті қараңғы тұнде! Маған сәлем беруге емешесі үзіліп келмеген болар”.

Шал сенделіп ұзақ жүрді.

Жел күшейіп кетті ме, әлде бағанағы астың қуаты қайтайын дегені ме, қара сұық беті мен қолының әр жеріне қатқыл тие бастады. Оның үстіне аяғы да сырқырап ауырып мазасын алған соң, шал ық жақтағы үюлі самтықтың шетіне кеп отырды. Дәл жанында әбден қартайған дәу қара ала төбеті Ақтөс те бүктетіліп жатыр екен. Иесін танып басын көтерді де, тығылып алдып ұйықтап жатқанына кешірім сұрағандай, қүйрығын еркелей бұлғандатып қойды. Соның арасынша айналада жүрген өзге ұш иті де жетіп келіп, “әзірге тыныштық” дегендей, жайбақақттық таныта тіміскіленіп тұрып-тұрып, жөн-жөндеріне тарап кетті.

Кәрі төбетті де бір ұрып тұрғызып жібермек болып, шал ойланып отырды да тиген жоқ. Қайта: “Жат, Ақтөс! Жат, — деді кенет еркелете үн қатып.— Қартайған соң жатпағанда қайтесің...”

Едәуір уақыт ой жетегінде отырып қалған шал біраздан соң тағы орнынан тұрып, төңіректі шолды да, ит-құс, сезікті ештеңе байқалмаған соң қайтадан ыққа келді. “Иә, Алла, абыройынды бере гөр? — деді самтыққа отырып жатып.— Әлгі әзәзілдер қонып қалды-ау, ә! Машиналары тұр”.

Анадайда қарауытып тұрған тоқал тамға қадалып, шал едәуір отырды. Шам сөнген. Төңіректе тіршілік белгісі білінбейді. Маңай тегіс тұн ~~корпесін~~ жамылып, бар бәлені ішіне тыққандай ~~тонторыс~~ тымырайып


жатыр. Тек ызырық жел ғана етек-жеңін кеүлей ышқына соғады.

“Кемпір неғып жатыр екен,— деп ойлады шал бірауық қымтана түсіп.— Келінді қасына алса-ау, бар болғыр! Кішкене жақ екеуіне жетеді, өрі жылы... Әй, бірақ есіне келер деймісің соның. Сөзі әлгі ғой... “Елдің ішінде-е... а, құдай, бергеніңе шүкір деп отыратын адам. Қайтерсің?!” дейді. Ақымақ кемпір, мен соны білмейді дей ме екен?! Әй, ақымақ-ау... Елдің ішінде отырса, анау уыздай келінің қайтіп ұстамақ-ай?! Оның қатары, отырмақ-сөтірмағы, кинә-синасы жоқ дей ме?! Алда-жалда той-томалаққа, ондай-мұндағы барып жүріп, жас адам... бірдеңеге ұрынып қалса... Құдая, сақтай гөр!” Шал өз ойынан өзі шошып кетті. Орнынан қалай атып тұрғанын да аңдамады. Осы сәтте алай-түлей көңіліне үрей кіргізіп, жан-жақтан иттері де абалап қоя бергені...

— Ай-тақ! ha-a-ay! найт! найт! — деп айқайға басқан шал, иттер жүрген жаққа емпендей басып келе жатып, қосауызын гүрс-гүрс атып жіберді. Тұн пердесі дір-дір етіп, төңірек жаңғырығып кетті.

Шал тұнімен жөн-жосықсыз айтактап, әлденеге дүңкілдетіп мылтық атумен болды.





БІР МАШИНА ШӨП

Үй іргесінде мизамның майда шуағына мәндай төсеп, әр қиялға бір беріліп отырған Әліш қарт аула сыртына кеп тоқтай қалған женіл машинаға самарқау бір бұрылып қарағаны болмаса, пәлендей назар аударған жоқ. “Е, шаруасы болса, келіп жолығар”, — деп қиқарланып орнынан да тұрмаған-ды.

— Ассалау мағалейкүм, ата! — деген дауысты естігенде ғана ошарыла бұрылып, тамырланған жұмыртқадай қызыл ала көзін қарсы кеп қалған балаң жігіттің жүзіне қадады.

— Әлиқмұссалам! Бұ қайсың?

— Мен ғой... Мұратпын, ата! Бірденеге ренжіп отырған секілдісіз ғой, өзіңіз...

— Е-е, несін айтасың, шырағым!

— Иә, не боп қалды? — Жас жігіт жымылып қойды. “Ал енді ақыр заман соғады, — деп ойлады іштей... — Апрай, осы кіслерге де не жетпейді еken?”

— Не болғанын несін сұрайсың? Қуаты қайтқан көріге не болса сол уайым, шырағым. Жүріп-тұру — уайым, кемпірің тілінді алмаса — уайым; ата сақалың аузыңа түскенде әркімге жалтақтағаның — уайым; бәрінен де — аппақ басыңмен бара қалғаныңда сөзің жерде қалса, онан өткен жамандық, сірә, жоқ еken...

— Қайда, кімге барып едіңіз? — “Таусылып отырсыз ғой, тегі” демекші еді, тілін тістей қойды.

— Кімге дерің бар ма? Ит тірліктің қамымен осы перменің бас көтергеніне түгел кіріп шықтым, шырағым! Қолымда бір-екі қара, оншақты жандығым бар еді, соған бірер машина шөп алсам деп... Анада бір келгенде деректірдің өзіне де жолыққам. Өпірап — әлгі жаман Әжібайдың баласы ғой, соған да бардым бүгін.

— Иә, ол не дейді?

Қарт төмен қарап біраз уақ үнсіз отырып қалды. Сонсон

бұтактарын шауып-шауып тастап, безін түрпімен тегістеп алған жуан таяғымен жерді нұқып-нұқып қойды. Құдды, осылай етсе мына сауалдың жауабы түрткілеген жерінен шыға келетін секілді.

— Е-е... шырағым-ай,— деді өлден уақытта.— Не десін ол? Алдындағы асын алып іше алмайтын жаман Әжібайдан жөн білетін жөндем үл туды деп пе ең?! Ол шіркін білікті болса, әкесіндей кісі алдына барғанда дұрыстап сөйлеспей ме. “Кісі қартайғанда қайтадан бала болады” депті бұрынғылар. Біздің де бала болған кезіміз ғой бұл... Ең болмаса, былай алдап-сулат дегендей, шығарып салмай ма!? Соған ырзамыз ғой біз.— Қарт тағы да таяғымен жерді түйгіштеп қойды. — Әй, құдай... Осы қазақ: “Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз” дейді. Айтшы өзің, қайда сол!? Ондайды көрсем, көзім шықсын!

Алды-артын орап тастаған мынау сөзге уәж таппай, әрі қарттың мінезін білетін болғандықтан бірдене деуді ынғайсыз көрген жас жігіт, бар болғаны ыржаландап төмен қарай берді. Бір есептен қарияның сөз ләміне құлкісі келсе, қай жағынан шығып қалам деп қысылып та барады.

Отырып-отырып:

— Апырай, Әлеке, бүгін ашулы екенсіз... Бас аманда тезірек кеткенім дұрыс-ау,— деді, әйтеуір, бірдене деу үшін.

Отірік құліп орнынан тұра берген. Таяғымен жасқап қарт оны қайта отырғызды.

— Жә, немене, от алып орманға қашып... Шаруанды айтпаймысын?

— Ой, әшейін... Қандай шаруа болушы ед, Құдай! Орталыққа Алматыдан ақын-жазушылар келген екен. Соларды бүгін осында әкелесің деген соң, кетіп бара жатыр ем. Шешемнің қымыранынан жұтып шығайыншы деп...

— Е, ендеше, үйге кір!

— Ә, кірейін. Кірейін, ата! Айтпақшы, қонақтармен бірге директор да келеді дейді. Жолығып қалмайсыз ба тағы?..

— Іімм, анық келе ме екен? Рас болса, солар келгесін зыр еткізіп мені апара қойшы, шырағым! Үйден, сірә, шықпаспын бүгін. Күтейін сені.

— Жақсы!

— Сөйт, шырағым.

* * *

Ауық-ауық сыртқа шығып, күн ұзақ қара жолдың үстін аңдумен болған қарт, әрі күтіп, бері күтіп, қарайған ештеңе көре алмаған соң қажиын деді.

Бесін уағы да болып қалыпты.

“Қой, бүйтіп жүргендे намазым қаза болар”, — деп, қайтадан ішке кірді де, зілдей қара құманды алып, әдеттегісінше аула сыртына беттеді.

Өткен жылдан қалған азғантай шірінді шөп бар еді. Соның ығына кеп, жуынып-шайынып, ұзақ отырды. Аратұра, екі білегіне алма-кезек су жүгірткен сайын “биссімілла, биссімілла” деп қойып, ең болмаса мінәжат етерде бір намаздан басқаны мұлде есінен шығарғысы келіп, ынтышынтымен үйып-ақ еді. Неге екені белгісіз, әлдебір зіл жанжүрегін езіп, осындаға көкірегіне рахман нұрын ұялатар: сабыр-тақатқа, тәубе-шүкіршілікке біржола ден қоя алмады.

“Иә, Алла, абыройыңды бере ғөр... — деді қарт терең күрсініп. Көкірегінен жалын шыққандай болды. — Әй, біліксіз неме-ай... аппақ сақалымды сыйламады-ау! Әкесіндей емес пе ем, мен”.

Әлекен “жаман Әжібайдың” өпірап баласын тілдеп отырғанын осы сөтте ғана аңғарды. Манағы бір сөз кәрі көңілге қара шөңгедей-ақ қадалған екен. Сол есіне түскенде жүрегі тағы да сыздап кетті.

...Бар шаруасы — бір машина шөп сұрау тұғын. Анада деректір бала да уағда қылған соң, соны арқаланып кеп:

— Иә, балалар, аман-сау бармысындар, шырақтарым! — деп өзімсіне, емін-еркін кіріп еді кенсеге.

“Өпірап бала” қатты кетті.

— Ақсақал, біз бір тығыз шаруа жайын сөйлесіп отыр едік. Кейін келініз, кейін... — деді есендеспестен. — Қазір уақыт жоқ! Естіп отырсыз ба, уақыт жоқ!

Тымағының бір құлағын қайырып, сөз тындауға дайындалған қарт күмілжіп қалды.

— Апырай, шырағым-ай... Ә! Кәрі кісіге әрлі-берлі жүру де оңай емес. Келіп қалғансын шаруамды тындырып жібере ме деп ем...

— Айтып отырмын ғой, уақыт жоқ деп... Түу-у, бұжүртта түсінік деген болсайшы! Мінеки, өлмелі шалға дейін осында келеді. Асарын асап, жасарын жасаған соң, жатпай ма екен үйлерінде. Дүние-малды өзіммен бірге әкетем дей ме екен осы...

Қарт қарсы алдындағылардың қайсысы сөйлеп

отырғаның білгісі келгендей, екеуіне алма-кезек қарады. Сонсоң екі беті быттыып, үлкен үстел басында төбедей бол отырған “жаман Әжібайдың” дүр қара баласына қадала қалып:

— Эй, балам,— деді әкенің қатқыл үнімен,— о не дегенің?! Әкең “жаман” атанғанмен, осындағы бір тайпа елге сені бас қойғасын, жөн білетін жігіт шығар деп келіп ем. Әлі шала екенсің ғой, шырағым. Бұрынғылар: “Түстік өмірің болса, кештік мал жина” деген. Өзіңмен көрге бірге әкетесің деп емес, ажал жеткен күні “өлім бардың дәuletін шашады, жоқтың артын ашады” деп айтқан. Сенің әкең Әжібай өлсе, артында мына өзің барсың, мен кіміме сенем?! Өзіммен бірге қисая кеткелі тұрған кемпірге ме?! Ойбу, шырағым-ай... “Сенген қойым сен болсан, күйсегеніңді ұрайын” дегеннің кері болды ғой мынауың.

— Жә-жә, ақсақал! Сенімдірек біреуді тауып аларсыз, ендеше! Сізben тәжікелесіп тұруға уақытым жоқ. Барыңызшы, барыңыз... бар...

— Е, енді кенседен кумақпысың?— Шал да осы кездे шорт кетті.— Әлде әкең Әжібайдың салып берген кенсесі бар ма еді? Осы сапқозда бәлен жыл еңбек етіп, арқа етіміз арша, борбай етіміз борша болғанда, естик дегеніміз осындаі сөз бе? Келіп мұғдамызды айтпаймыз ба енді, шырағым-ау! Мына төңіректегі жұрттың бәрі отынын-суын, малының жем-шөбін қара күзден қамдап алыш, шырт-шырт түкіріп отыр. Біздің жүрісіміз болса, мынау...

— Жұртта неңіз бар, ақсақал. Әлі ешкімге шөп берілген жоқ. Әуелі совхоздың малын қамтамасыз етіп алмай, берілмейді де.

— Е, ендеше, анау ақпарларың не, беріп жүрген? “Пішен жоспарын орындаңық, қыстактар жем-шөппен қамтамасыз етілді”,— деп кәзетке жазғандарың баяғыда емес пе еді?! Сосын келіп отырмын. Оны былай қойғанда, осы көнтордың айналасындағылардың үйі жаққа көзінді салышы. Мына өзінен бастап, бәріңің аулаң толып тұрған жоқ па?

— Онда сіздің шаруаңыз болмасын. Осы совхоздың отымен кіріп, күлімен шығып жүрсе, неге бермеске оларға?!

— Біз күймеппіз бе ыстығына? Суығына тоңбаппыз ба? Сапқозыңды былай қойғанда, осы жерге колхоз күнінен ащи терін төккен біз емес пе едік?! Әлде... ішіндеғісін шегіп тауысқасын, әлдеқайда лактырып тастайтын алдындағы темекінің қорабы болдық па біз?

— Эй, қарт, жұмыс істетесің бе, жоқ па? Сенсіз де шаруа бастан асып жатыр. Құдай үшін, кенсені